

«Жалтыр ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңес отырысының №5 хаттамасы

Күні: 13.05.2024 жыл

Қатысқандар:

- Төрайым - Серікбаева А.У., мектеп директоры.
- директордың ТІ жөніндегі орынбасары Найманбаева А.А.,
- директордың ОІ жөніндегі орынбасары Махметова М. ., Томкова Н.Э.
- оқытушы-ұйымдастырушы АӘ және ТД. Абильдин А.Ж.
- мектеп психологы А. К. Исмагулова
- бастауыш сынып ӘБ басшысы Каратовская Л.Н.
- жаратылыстану-математикалық цикл ӘБ басшысы Оспанова С.К.
- гуманитарлық цикл ӘБ басшысы Шаяхметова Г.Т.
- қорғаншылық және қамқоршылық кеңесінің мүшесі Халанская Е.Р.
- мектептің ата-аналар комитетінің төрағасы Уразова Ж.З.

Күн тәртібінде

№5 отырыс

- 1. 4-тоқсан бойынша атқарылған жұмыстар есебі**
- 2. Жыл бойына істелген жұмыстардың есебі**
- 3. Жазғы мерзімде құқық бұзушылықтың алдын алу**
- 4. Жазғы демалыс кезіндегі оқушылар қауіпсіздігін ескеру**

Тыңдалды:

Күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің төрайымы мектеп директоры Серікбаева А.У. сөз алды.

Кеңес мүшелерін оқу жылының аяқталуымен құттықтай отырып, бүгінгі кеңес отырысының сұрақтарымен таныстырды.

Бірінші және екінші сұрақ бойынша 4-тоқсан бойынша атқарылған жұмыстар есебімен Кеңес мүшелерін таныстыруға тәрбие ісі меңгерушілері Баймагамбетова Ж.А., Найманбаева А.А. сөз алды.

Сәлеметсіздер ме құрметті Кеңес отырысының төрайымы және мүшелері. Мектебімізде оқушылардың құқықбұзушылықтарының алдын алуы бойынша өткізілген шаралардың есебімен таныстыруға рұқсат етіңіздер.

Мектебіміздің ішкі есебінде 6 оқушы тіркелді. Оның ішінде 5 оқушы (5 «Б») девиантты мінез-құлқына, 1 оқушы (2 «А») ұрлық байланысты мектептің ішкі бақылауына алынды. Бұл оқушылармен жүйелі түрде әлеуметтік педагог, психолог, медбике, сынып жетекшілері, аға тәлімгерлер жоспарға сәйкес жұмыс жүргізді. Аудандық ІІМ бала құқықтарын қорғау орталығына,

аудандық жасөспірімдердің ісін қарау мекемесіне әлеуметтік педагогтардың жетекшілігімен экскурсия жасалынды. Оқушылардың ата-аналарымен де жоспар бойынша жұмыстар толық жүргізілді. Психолог тарапынан консультациялар, теренингтер, жеке кездесулер, әлеуметтік педагог тарапынан оқушылар туралы ақпарат, әлеуметтік көмек көрсетілуі (тегін ыстық тамақ, мектеп формасына бөлінетін қаражатқа өтінімді жазу, құжаттарын жинау) туралы жұмыстарына көмек көрсетті. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепшілік ата-аналар жиналыстары арнайы діни, құқық қорғау мекемелерінің өкілдерімен өткізілді.

Үшінші сұрақ бойынша сөз кезегі әлеуметтік педагогтар Абенов Д.Д., Дюсебеков К.С. сөз алды.

Сәлеметсіздер ме құрметті кеңес мүшелері. Жазғы мерзімде құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша оқушылармен жүргізілетін жоспармен таныстыруға рұқсат етіңіздер. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру бастауыш, орта буын болып түрлі іс-шаралармен қамтылады. Бастауыш сынып оқушылары 27-31 мамыр аралығында жазғы мектеп ұйымдастырылады, орта және жоғары буын сыныптарында аралық емтихан, мемлекеттік емтихан тапсыратын болады. 03 маусымнан бастап бастауыш сыныптары мектеп жанындағы этнолагерьде, орта буын пәндік үйірмелер, мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстарына қамтылады. Жазғы демалысты тиімді өткізу мақсатында мектептің ішкі есебінде тұрған оқушылар толық қамтылды. Шілде айында отбасылық демалыста, тамыз айында жазы мектепте білім алатын болады. Оқушылардың жағдайын үнемі қадағалап отыру мақсатында ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Төртінші сұрақ бойынша оқытушы-ұйымдастырушы АӘ және ТД. Абильдин А.Ж. сөз кезегін алды. Қайырлы күн құрметті кеңес төрайымы мен қатысушылары. Жазғы демалыс кезіндегі оқушылар қауіпсіздігін ескеру мектебіміздің ең басты міндеттерінің бірі. Осы орайда оқушылардың өмір қауіпсіздіктері туралы түсінікті қалыптастыру мақсатында арнайы қауіпсіздіктің алдын алу мамандырын шақырдық. Жалтыр ауылының станция бастығының м.а. желілік полиция капитаны Мағзаев Азамат Бекболатұлы «Абайлаңдар балалар» акциясы аясында оқушылармен әңгіме өткізді. Мектеп медикесі Каукунова К.К. алғашқы көмек жаттығуларын жүргізіп, қауіпсіздік шараларының алдын алуы туралы нұсқаулық берді.

Өрт, террорлық акт, мектеп ғимаратына жедел қуіп төнгендегі дабыл сигналын қосып, оқушыларды эвакуациялық жаттығулар жасап үйретілді.

Шешімі:

- Жыл бойы құқық бұзушылықтың алдын алуы бойынша жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын.
- Жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігінің алдын алу шаралары жалғастырылсын.

Мектеп директоры
Хатшы

Серикбаева А.У.
Баймагамбетова Ж.А.